

ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ



Handwritten signature or name.



● **ЭКСПО жаңалықтары**

“ЭКСПО-2017”

**КӨРМЕСІНЕ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ
ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ**

Қазақстан Астанада өтетін “ЭКСПО-2017” көрмесіне дайындықтың жаңа кезеңін бастап кетті. Сыртқы істер ми-

қойды. Бұл құжат шараны жоғары деңгейде өткізу үшін маңызды. Көрмеге қатысуға ниет білдірген мемлекеттерге ұсынылған тақырып бойынша өз жобаларын көрсету үшін барлық мүмкіндік жасалуы тиіс. Ал Қазақстанға бұл келісім көрмені сапалы, өрі сәтті өткізу бойынша жауапкершілік жүктейді. Висенте Лоссерталес, Халықаралық көрмелер бюросының бас хатшысы: - Бұл - Қазақстан министрлер кеңесінің мақұлдауымен қабылданған құжат. Келісім арқылы барлық шаралардың регламенттері белгіленген. Қосымша талқылауларды талап етпейді. Бұл механизм ЭКСПО көрмелерінің барлығында қолданылады.



нистрі Ерлан Ыдырысов пен Халықаралық көрмелер бюросының бас хатшысы Висенте Лоссерталес Парижде көрмеге қатысушыларға берілетін жеңілдіктер бойынша келісімге қол

ламенттері белгіленген. Қосымша талқылауларды талап етпейді. Бұл механизм ЭКСПО көрмелерінің барлығында қолданылады.



**БИЕНІҢ ТАЗА СҮТІНЕН
ҚҰРҒАҚ ҰНТАҚ ӨНДІРУ
МАҚСАТЫНДА ЖЫЛҚЫ
ФЕРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

«ҚазАгроКаржы» АҚ қолдауымен іске қосылған жоба облысымыздың Осакаровка ауданы, Шалғай ауылдық округінде биенің таза сүтінен сублимациялық әдіс арқылы құрғақ ұнтақ өндіру мақсатында жылқы фермасы кешенін құруды көздейді.

арқылы әзірленеді. Сублимациялық кептіру бойынша технологиялық желінің жабдығы тікелей жануарлардың орналасқан орнына жақын жерге орнатылған. Бұл технологиялық талаптармен септеледі. Сауыла бастаған сәтінен бастап технологиялық қайта өңделе басталғанға дейін 15-20 минуттан артық уақыт өтпеуге тиісті. Жобаның авторлары сендіріп отырғандай, бұл жана сауылған бие сүтінің барлық пайдалы сапасын ұзақ уақытқа толық сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда шаруашылықта 1300 бас негізгі мал табыны бар. Жайылым жерлерінің жалпы алаңы 24,5 мың гектар, егістік жерлері 11 мың гектардан асады, суармалы жерлері 1,5 гектар. Жобаның жалпы құны 1 439 163 мың теңге.

Қазіргі күнге жылқы фермасы өзінің өнеркәсіптік айналымын ұлғайтып, бие сүтінен құрғақ ұнтақ өндіруде. 2015 жылдың тамыз айынан бері бие сүтінен құрғақ ұнтақтың бір тоннадан артық алғашқы партиясы өндірілді. Өнімнің көпшілік бөлігіне ендігі сатып алушылар табылып та қойылған.

Жобаның сәтінде ғимараттардың, басқа да қажетті инфрақұрылымдардың құрылыстары жүзеге асырылған, биенің таза сүтінен құрғақ ұнтақ өндіретін технологиялық жабдық, техника мен биологиялық активтер сатылып алынған.

Аймақ үшін ең бастысы жобаның әлеуметтік аспектісі, өйткені ол 30 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді. Бұл дегеніміз, олар үшін тұрақты жалақыны, демек, олардың жанұяларына кіріс көзін қамтамасыз етеді.

Жобаның қуаты жылына 10 тонна құрғақ ұнтақты Қазақстанның тамақ, фармацевтикалық және косметологиялық өнеркәсіптерінде пайдаланылатын, сондай-ақ, Еуроодақ елдеріне экспортталатын құрғақ ұнтақ өндіру.

Аталмыш жоба Осакаровка ауданынан Индустрияландыру картасына енгізілген үш жобаның бірі болып табылады.

Бұл тамақ өнімдері, фармацевтика және медицина технологиялары салаларындағы соңғы әлемдік зерттемелерді қолдана отырып, жоғары технологиялы қазіргі заман инновациялық өндіріс екенін айта кеткен жөн.

“ҚазАгроКаржы” АҚ баспасөз орталығы.

● **15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні**

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ҚАРЖЫГЕРЛЕРІ!

Тәуелсіздіктің символындай болған, Қазақстан тарихындағы ең бір айтулы күнге айналған бұл мейрамды қаржы, банк қызметкерлері, осы саланың ардагерлері, қала берді бүкіл жұртшылық өзінің төл мерекесі ретінде атап өтеді.

Қазіргі уақыттағы жаһандық дағдарыстың белең алуына байланысты болып жатқан қиындықтарға қарамастан қаржылық мәселелерді шешуде және бюджеттік сала қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын қалыпты деңгейде ұстауда, сондай-ақ, экономика мен инфрақұрылымды қаржыландырудағы міндеттерді атқару жолында аудан қаржыгерлері аянбай қызмет етіп келеді.

Өз ісіне адал, шын берілген білікті мамандар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосуда. Ұлттық валюта қолданысқа енгізілгеннен бергі жылдар ішінде ел экономикасы еселеп артты, шын мәніндегі тәуелсіз нарықтық инфрақұрылым жасалды. Дербес валютамыздың негізіндегі бюджеттік-салықтық, ақша-кредиттік реформалар жүргізілді.

Құрметті қаржыгерлер, сала ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - ұлттық валюта күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Теңгеміз тұрақты болып, тәуелсіздігіміз мәңгілік жасасын!

Баршаңызға зор денсаулық, еңбекте табыс, отбасыларыңызға береке-бірлік тілейміз!

Р.ӘБДІКЕРОВ,
аудан әкімі.

Ә.СМАҒҰЛҰЛЫ,
Мәслихат хатшысы.

ҚҰРМЕТТІ АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ!

Қалыптасқан дәстүр бойынша қарашаның үшінші жексенбісінде біз айтулы мереке-Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнін атап өтеміз.

Ел Президенті Н.Назарбаевтың айрықша көңіл бөлуі мен қолдау көрсетуі арқылы экономиканың бұл секторы ырғақты түрде дамып келеді. Біздің еліміздің экономикасы үшін ауыл шаруашылығының маңызы зор. Себебі ел тұрғындарының тұрмыс тіршілігінің деңгейі мен мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігі, ең алдымен осы сала еңбеккерлерінің еселеуіне тікелей байланысты.

Ортақ мүдделі іске ауданымыздың ауыл шаруашылығы еңбеккерлері де өз үлестерін қосуда. Өткен 9 айда 14,8 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 14,7 пайызға артты. Барлық шартты түрдегі өткен жылмен салыстырғанда 14,7 пайызға өсіп, 431,6 млн теңгенің инвестициясы құйылды. Биыл аудан бойынша мал азығының екі жылдық қоры жасалды. Көкөніс дақылдары да мол өнім беріп, аудан бойынша 27642 тонна картоп, 760 тонна көкөніс қоймаланды.

Әрине, мұндай жетістіктерге қашанда мемлекетіміздің тұрақты қолдауына арқа сүйейтін шаруа құрылымдарының арқасында қол жеткіздік. Сондай-ақ, еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы жүйелі аграрлық саясаттың нәтижесі деп айтуға негіз бар. Ағымдағы жылы шаруа құрылымдары өр түрлі бағдарламалар аясында неше алып шаруашылықтары табысты өркендетуде. Мал бастарын асылдандыру бағытында біршарына іс-шаралар атқарылуда. Бүгінгі таңда аудан көлемінде 1 асыл тұқымды мал зауыты, 21 асыл тұқымды шаруашылықтары болса, 3 шаруашылық асыл тұқымды мал басын өсіретін шаруашылық мәртебесін алуға қатысып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер өз жетістіктерін дәстүрлі «Ауыл береке» жәрмеңкесіне ұсынған тауарларының алуандығымен, жоғары сапа, қолжетімді бағамен көрсете білді.

Құрметті ауыл еңбеккерлері және агроөнеркәсіп кешені қызметкерлері!

Сіздерді ырыс пен ынтымақтың, береке мен молшылықтың мерекесі Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға мықты денсаулық, бақыт, татымды тірлік және толағай табыстар тілейміз.

Р.ӘБДІКЕРОВ,
аудан әкімі.

Ә.СМАҒҰЛҰЛЫ,
Мәслихат хатшысы.

“АШЫҚ ЕСІК КҮНІ” ӨТКІЗІЛЕДІ

Шет ауданының әкімі Р.Қ.Әбдікеровтің төрағалығымен 2015 жылдың 25 қарашасында Красная поляна ауылдық округінде “Ашық есік күні” өткізіледі.

“Ашық есік күні” тұрғындар өз сауалдарына жауаптар алып, ой-пікірлерін білдіруге толықтай мүмкіндіктері бар.

Аталған шара бойынша деректер алу үшін аудан әкімі аппаратының кеңсе бөліміне (байланыс телефондары: 21490, 21633) хабарласуларыңызға болады.



**ИНДУСТРИЯЛАУДЫ
ІСКЕ АСЫРУДЫҢ
НЕГІЗГІ АСПЕКТІСІ
РЕТІНДЕ ЕҢБЕК
ӨНІМДІЛІГІН
АРТТЫРУ**

ҚР Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ Басқармасының төрағасы Айдын Жеңісұлы Құлсейітовтің қатысуымен өткен баспасөз-конференциясында ҮИИД МБ бірінші бесжылдығын және оның шеңберіндегі бағдарламаларды іске асыру ұлттық экономиканы құрылымдық қайта құруға түрткі болды және көптеген көрсеткіштердің өсуінің және еліміздің де-индустриялануын тоқтатудың басты драйверлерінің бірі болды. 223 индикатордың 72% орындалды немесе артығымен орындалды, тағы 19% бойынша жоспарлы амбициялық көрсеткіштерден сәл ғана артта қалып, базалық өткен жылдармен салыстырғанда, едәуір жақсартылғандығын атап өтті.

Бағдарламаны іске асырудың басты тармақтары: тиісті құқықтық алаң құру, базалық және индустриялық инфрақұрылым салу, өндірушілерді ынталандырудың жаңа құралдарын енгізу, жаңа индустриялық жобаларды жаппай іске қосу, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өнеркәсіпті одан өрі сапалы дамыту үшін негіз құру болды.

Мысалы, Қазақстан экономикадағы еңбек өнімділігі бойынша топ-50 елдің және оның өсімі бойынша топ-20 елдің қатарына кірді, бұл ретте, өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі бойынша ЭЫДҰ жетекші елдерінен алшақтығы 14%-ке қысқартты.

Бизнесті мемлекеттік қолдау шараларына байланысты іс жүзіндегі ЖІӨ өсімі 35,6% болды (жоспарлы 38,4% орнына), өңдеу өнеркәсібі қарқынды өсе бастады (өңдеу секторындағы өндірістің ФКИ - 22,8%, ал тау-кен өндіру секторында - 20,4% болды).

2015 жылы Қазақстан 2-ші индустриялық бесжылдықты іске асыруға кірісті, алайда, сыртқы экономикалық және геосаяси факторлардың күшті теріс әсерін ескере отырып, Мемлекеттік бағдарламаны жаңа жағдай мен технологиялық трендтерді назарға ала отырып әзектендіру туралы шешім қабылданды.

Экономикалық саясаттың одан арғы шаралары жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы: «...Еңбек өнімділігінің өсіміне, жеке бизнестің қатысу үлесін ұлғайтуға негізделген сервистік-индустриялық модельге көшу керек. Мемлекет қолдау шараларын бәсекеге қабілетті компанияларға ғана көрсетуге тиіс», - деді.

Мемлекеттік бағдарлама бұрынғыдай өңдеу секторын ынталандыруға бағытталатын болады. Бизнестің экспортқа бағытталуы салалар мен кәсіпорындарды қолдаудың негізгі мақсатты индикаторы болады. Қолдаудың жалпы жүйелік шараларына (жағдай жасауға) негізгі күш-жігер жұмсалады, еңбек өнімділігін, шығындарды азайту мен адам капиталын дамытуды ынталандыруға көшіп, бәсекелестікке теріс әсерін тигізетін шаралардан бірте-бірте толығымен бас тарту (субсидиялау, тікелей қаржыландыру, тарифтерді төмендететін және т.с.с.) көзделгендігін атап өтті.

● **Аудан әкімігіңге****АЛДА АТҚАРЫЛАР МІНДЕТТЕР МЕН
МАҚСАТТАР САРАЛАНДЫ**

Жуырда аудан әкімі Р.Әбдікерімовтің төрағалығымен әкімдік отырысы өткізіліп, онда ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы қаралып, алда атқарылар міндеттер мен мақсаттар белгіленді.

Тоғыз айдың қорытындысына тоқталар болсақ, - деді аудан әкімі, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері өнеркәсіп өнімінің, негізгі қорға құйылған инвестицияның және пайдалануға берілген тұрғын үй көлемдерінің және сол сияқты әлеуметтік саладағы бірқатар көрсеткіштердің орындалмауы орын алды. Аудан облыстағы аудандар мен қалалар арасында 9-шы орынға тұрақтады. Есепті мерзім ішінде жұмыс істеген кемшіліктер де аз емес. Алдымызда екі айдан кейін жылды қорытындыламақпыз. Сондықтан сала басшыларына айтарым, бұл бағыттағы жұмыстарды бұдан өрі шіндауымыз қажет деді аудан әкімі.

Күн тәртібіндегі мәселе «2015 жылдың 9 айындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің орындалуы» жайында ауданның экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Жонкина хабарлама жасады.

Ағымдағы жылдың үшінші тоқсанында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы негізгі көрсеткіштер орындалды. Шағын және орта бизнес саласында өндірілген өнім көлемі 10 млрд. 779,4 млн. теңгені құраса, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 37,9 пайызға артып отыр. Электр қуатын, су тасы-

малдаушы кәсіпорындар 3168,3 млн. теңгенің қызметін көрсетті. Бұл өткен жылғы сәйкес мерзімнен 19,2 пайызға артық. Қаржы саласында 9 айдағы кіріс жоспары 108 пайызға орындалып, межелеген 1 млрд. 638 млн. теңгенің орнына 1 млрд. 771 млн. теңге салық түсті. Сондай-ақ, ауылшаруашылығы саласында өндірілген өнім өткен жылдың осы кезеңдегіден 14,7 пайызға артқан.

Отырыс барысында біраз сала, бөлім басшыларын, ауылдық округтер мен кенттер әкімдерін тыңдап, алдағы жоспарлар туралы сұрады.

Ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы М.Мұхтаров өз саласы бойынша хабарлама жасады. Аудан әкімі бөлім басшысына бірнеше сауалдар қойды. Ауданның өнеркәсіп өндіруші кәсіпорындарымен өнім жоспары 69,6 пайызды құрады. Критерий бойынша облыстық рейтингте 17-ші орындасыз. Көрсеткішті орындауға қандай шаралар қабылданды?

Негізгі қорға құйылған инвестиция көлемі ағымдағы жылы 3 млрд. 463 млн. теңгеге орындалды, яғни, 57,4 пайыз. Облыс деңгейінде 14-ші орындамыз. Жоспардан көрінуге қандай мүмкіндіктеріңіз бар?

Өнеркәсіп саласындағы темір қоспасының жоспары 127,8 пайызды құраса, кварцит өндіру жоспары 78 пайыз ғана, - деп саланың негізгі көрсеткішін орындау керектігін, басты күшті ұсақ кәсіпорындарға салу қажеттігін атап өтті.

Ауданның құрылыс бөлімі басшысына құрылыс жұмыста-

ры көлеміне берілген жоспар орындалуы 86,5 пайызға орындалып, қалалар мен аудандар арасында 10 орында болдық. Пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі өткен жылғымен салыстырғанда 99,9 пайызға орындалған. Орындауға мүмкіндік бар еді деп, бұл бағытта округ әкімдерімен жеке комиссия отырысы өткізілетінін қадап айтты.

Аудандық білім бөлімі саласы бойынша да орын алған кемшіліктер туралы біраз мәселелерді атап көрсетті.

Облыстық рейтингтік бағалау көрсеткішінде мектепке дейінгі тәрбиемен және оқумен қамтылған балалар санының өсу қарқыны 14 орынға тұрақтаған.

Мектептердің арнайы кабинетпен қамтылуы бірінші жартыжылдықта да, осы жолы да 36 пайызды құрады. Облыстық көрсеткіш 57,5. Кабинеттер алына да неге көрсеткіш өзгермейді?

Мұнан соң ауылдық округтер мен кенттер әкімдерінің атқарып отырған қызметтеріне жүргізілген рейтингтік бағалау көрсеткіштері бойынша соңғы орындарда жүрген Ақшатау кенті, Ақжал кенті, Бұрма ауылдық округі әкімдерінің атқарып отырған жұмыстарындағы орын алған кемшіліктерді атап, орындауға қандай шаралар қабылдандығын сұрады.

Әкімдердің қызметтерін рейтингтік бағалау бойынша Нұраталды ауылдық округінің әкімі С.Ахымбеков бірінші орынды иеленіп, көш бастауда.

Өз тілшімізден.

● **Мал иелері назарына!****АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЖАҢУАРЛАРЫН БІРДЕЙЛЕНДІРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

2015 жылдың 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің № 7-1/68 бұйрығымен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидалары бекітіліп, Қағида бойынша жануарларды бірдейлендірудің төмендегідей тәртібін анықтайды.

1. Ауыл шаруашылығы жануарларының төлдері.
- бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар-туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін - құлындар төрт айлық жасынан бастап Асыл тұқымды торайлар, әрі қарай өсіруге және өсімін молайтуға арналған торайлар және жұртшылық шаруашылықтарында күтіліп бағылатын торайлар үш айлық жасынан бастап бірдейлендіріледі.

2. Бірдейлендіру яғни, жануарларға жеке нөмірлерді беру келесі тәсілдердің бірімен жүргізіледі.
- сырғалау (тоғыз айлық жасқа дейін сойылған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа қожалықтарында күтіліп бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге арналған ірі қара мал, ұсақ мал, түйелер, шошқалар мен торайлар үшін)
- таңба басу немесе чип салу (жылқылар үшін)

- татуировка
Сырғалау жануарлардың құлақтарының ортасына аспалы сырғаны, көк тамырын зақымдамай бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Ірі қара мал және түйелердің әр құлағына бір-бірден екі бірдей (бірдей жеке нөмір көрсетілген) аспалы сырға бекітіледі.

Ұсақ мал және шошқаларға оң құлағына бір аспалы сырға бекітіледі.
Таңба басу ыстық немесе суық тәсілдермен жүзеге асырылады. Жылқыдан басқа ауыл шаруашылығы жануарларына таңба дененің сол жағына жамбас аумағына салынады. Бұл әдістің ең тиімдісі суық тәсілмен таңбалау, себебі мал терілерін зақымдауға жол берілмейді.

Бірдейлендірудің жеке нөмірі он екі символдан тұрады. Бірінші екі символ- I SO - стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әріп) үшінші символ - облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың литерлік коды(латын бас әріп)

Төртінші символ - ауыл шаруашылығы жануарлары түрінің сандық коды.

Бесіншіден он онекіншіге дейінгі символдар - ауыл шаруашылығы жануарларының реттік нөмірі. Жылқының жеке нөмірі он символдан тұрады.

Бірінші екі символ- I SO - стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әріп) үшінші символ- облыстық республикалық маңызы бар қалалардың, астананың литерлік коды(латын бас әріп)

Төртінші символ- жылқының сандық коды (4) бесіншіден ойыншығы дейінгі символдар - жылқының реттік нөмірі

1. Ауыл шаруашылығы жануарларына жеке нөмірлерді беру процестік орталық әр облыс, республикалық маңызы бар қала, астана үшін жеке нөмірлердің эмиссиясына сәйкес кезектілікпен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар жылқыға таңба денесінің сол жақ жауырына (клеймо) және жамбас аумағына (реттік нөмір), немесе тек жамбас аумағына салынады. Таңба ең көбі алты символдан тұрады. Бірінші және екінші символдар (міндетті емес), ауыл шаруашылығы жануары иесінің клеймосы, клеймо бір немесе екі латын араб бас әріп немесе сандар геометриялық фигура (лар) болып табылады. Клеймо жануарлардың иесінің қалауы бойынша салынады, үшінші және төртінші символдар міндетті, бесінші, алтыншы символдар (міндетті) жануарлардың реттік саны.

1. Бірдейлендіру рәсімдері жүргізілгеннен кейін он күн ішінде қорытындысын ведомостке түсіріп, компьютерлік дерекқорға енгізіледі. Жануарларға жеке нөмір берілгеннен кейін, бірдейлендіру жұмыстарын жүргізілген ветеринар дәрігер үш жұмыс күні ішінде мал иесіне ветеринариялық паспорт ірі қара түйе жылқыларға жеке, ал ұсақ малға (қой-ешкі), шошқаларға (отарына) бір дана берілді. Паспортқа топтың (отардың) әрбір жануардың жеке нөмірі енгізіледі. Ветеринариялық паспортқа мал бастарын ауруларға қарсы зерттелген, егілген мерзімдері толтырылып, ветеринар дәрігердің мөрмен бекітіледі.

Мал иелері ауысқан жағдайда (сатылған) мал иесінің өтінішімен таңба иесінің аты-жөні жазылып, мөрмен бекітіледі. Жануарлар сойылған жағдайда ветеринариялық паспортты, сойысты қадағалап, мал ұшаларын тексергеннен кейін, ветеринар дәрігер мал иесінен алып, жояды. Вет паспорт жойылғаны жөнінде мал иесінің қатысуымен акт жасалынады.

Ұсақ ауыл шаруашылығы жануарлары тобының (отар бір бөлігі қатардан шыққан жағдайда (сату), жаңа иесіне ветеринариялық паспорттан үзінді, көшірме берілді. Жануарлардың жаңа иесіне ауыл шаруашылығы жануарында бар жеке нөмірді өзгерту ветеринариялық паспорт рәсімделеді. Тиісті мәліметтер дерек қорға енгізіледі. Ветеринариялық паспорт жоғалған немесе бүлінген жағдайда түпнұсқа берілді. Осы жағдайда мал иесі ветеринар дәрігерге ветпаспорттың жоғалғаны немесе бүлінгені жөнінде өтініш береді. Жоғалған фактісін растау қажет. Өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ветпаспортты алғашқы беру күнін және рәсімдеу күнін көрсете отырып, жоғары оң бұрышында «дублика-

ты» деген жазуы бар вет паспорт беріледі. Жаңадан ауыл шаруашылығы жануарларының аспалы сырғаларының, чиптері бөлінген не жоғалған жағдайда, ветпаспорттағы дерекқордағы нәтижелермен салыстырып, және нөмірін анықтау үшін оқшаулайды. Мал иесі көрсетілген жағдайда тиісті өкімшілік аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымына өтінішпен жүгінеді. Жануарларды қайта бірдейлендіру осы қағидадың 38-тармағына сәйкес қайта бірдейлендірудің себебін көрсете отырып, тиісті ақпарат көрсетіледі. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру нәтижелерін компьютерлік дерекқорға енгізу, веб-портал арқылы атқарылған жұмыстың көрсеткіштерін қадағалау халықаралық стандарттарға сәйкес атқарылады. Мал бастарымен опардың өнімдері экспортталған жағдайда бірдейлендіру атрибуттары (аспалы сырға, чип, тавро, вет паспорт) стандартқа сәйкес болуы шарт. Сонымен қатар ветеринариялық іс-шаралармен ауыл шаруашылығы жануарларына берілетін субсидияларды жоспарлауда бірдейлендіру нәтижелерін веб-портал арқылы алу мал иелерімен шаруа қожалықтары жетекшілерінің толып жатқан қағаз толтырудан арылтатыны сөзсіз.

Қ.ЖАҚЫПБЕКОВ,
Шет аудандық ветеринария бөлімінің басшысы.

ҮМІТІН ҮКЛЕГЕН ҮЗДІКТЕРГЕ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 24 жылдығына орай төмендегі **10 «Үздік маман иегерлері»** номинацияларына ұсыныстар мекеме, кәсіпорын және меншік түріне қарамастан барлық ұжымдардан осы жылғы қараша айының 25-не дейін ауданның ішкі саясат бөлімінде қабылданады.

1. «Үздік кәсіпкер» - ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан, өзінің кәсіпкерлік қызметімен жұмыссыздарды жұмыс орындарымен қамтамасыз еткен, қоғамдық саяси мәні бар іс-шараларға белсенді қатысқан, мереке күндері демеушілік еткен, жергілікті жерлердегі мұқтаж ететін азаматтарға қайырымдылық іс-шараларын жүргізген азаматтар.

2. «Үздік құқық қорғау саласының қызметкері» - нәтижелі жұмысымен ерекшеленген адам. Бұл номинацияға прокуратура, сот, ішкі істер, әділет органдарының қызметкерлері ұсынылады.

3. «Үздік денсаулық сақтау саласының маманы» - денсаулық сақтау саласында еңбек етуші. Дәрігерлер, медбикелер, фельдшерлер қатарынан үздік деп танылған адам ұсынылады.

4. «Үздік коммуналдық сала маманы» - ауданның коммуналдық (су, электр тоғы) саласында тұрақты еңбек етуші дәнекерлеуші, электромонтер, сантехник т.б. осы саладағы жұмыскерлер қатарынан ұсынылады.

5. «Үздік байланыс саласының маманы» - байланыс саласында жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізген немесе осы салада ұзақ жылдар еңбек еткен маман ұсынылады.

6. «Үздік ауылшаруашылығы саласының маманы» - бұл номинацияға шаруа қожалықтарының жетекшілері, мүшелері, ауылшаруашылық техникаларының жүргізушілері, малшы, диханшылар т.б. ұсынылады.

7. «Үздік тілші» - бұл номинацияға аудандық газет тілшілері мен жергілікті жерлердегі штаттан тыс тілшілер ұсынылады.

8. «Үздік қаржыгер» - қаржы саласын жақсы меңгерген, бұл саладағы қызметтің үздіксіз болуына аянбай еңбек еткен адам болуы қажет.

9. «Үздік мемлекеттік қызметкер» - мемлекеттік мекемеде қызмет ете отырып, жеке шығармашылығымен, жұмысқа деген ынтасымен, өнегелі тәртібімен немесе басқа да жетістіктерімен ерекшеленген адамдар ұсынылады.

10. «Үздік пошта қызметкері» - пошта байланыс саласын дамыту мен сапасын жақсарту жолында өзіндік үлесін қосқандар ұсынылады.

11. «Үздік теміржолшы» номинациясына - аудан бойынша темір жол саласында қызмет істейтін мастерлер, сондай-ақ теміржол саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен қызметкерлер ұсынылады.

ҚОСЫМША ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- Ұсынылатын үміткердің аты-жөнінің толық жазылуы
- Бірінші басшысының қолымен жазылған толық мінздемесі
- Көлемі 3x4 фотосуретінің болуы
- Ұсынылған номинация саласында 5 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы
- Жетістіктерін, марапаттарын растайтын құжаттардың көшірмелерінің болуы
- Отырыс хаттамасы
- БАҚ-да жарияланған материалдардың болуы
- Құжаттардың барлығы міндетті түрде файл-лапкада болуы
- Бірінші басшының ұсыныс хаты

Ауылдық округтері мен кенттерден тапсырылатын ұсыныстар міндетті түрде аудандық мекеме басшыларымен келісілуі қажет.

Түскен ұсыныстар бойынша үміткерлер арасынан но-

минациялар жеңімпаздарын конкурстық комиссия анықтайды. Марапаттау рәсімі Тәуелсіздік күніне орай өткізіледі.

1. «Үздік кәсіпкер»
2. «Үздік құқық қорғау саласының қызметкері»
3. «Үздік дәрігер»
4. «Үздік коммуналдық сала маманы»
5. «Үздік байланыс саласының маманы»
6. «Үздік ауылшаруашылығы саласының маманы»
7. «Үздік тілші»
8. «Үздік қаржыгер»
9. «Үздік мемлекеттік қызметкер»
10. «Үздік пошта қызметкері»
11. «Үздік теміржолшы»

Ескерту: 25 қарашадан бастап ұсыныстар қабылданбайды.

Ауданның ішкі саясат бөлімі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2013 ЖЫЛҒЫ
24 СӘУІРДЕГІ №555 ЖАРЛЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУДАНЫ
ДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРЫ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫНА
КІРМЕЙТІН КЕНТТЕРІ МЕН АУЫЛДАРЫ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУДІ КЕЙІР МӘСЕЛ-
ЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС 2015 ЖЫЛДЫҢ 26 ҚАРАШАСЫНА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН
ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕН БОСАТУ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕС ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ТӨМЕНГІ
ҚАЙРАҚТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА ШЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША ТІРКЕЛГЕН
КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ**

р/с №	Кандидаттың тегі, аты, өкесінің аты	Туған жылы	Жұмыс орны, атқаратын лауазымы	Тұрғылықты жері
1	Жакупов Думан Аманкулович	03.06.1984 жыл	«Шет ауданының мәжбүрлеп өндіру және мемлекеттік кіріс ісін ұйымдастыру басқармасы бөлімі», бас маман-заңгер.	Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 180 үй.
2	Сағадиев Жанат Ермекұлы	07.01.1963 жыл	КМҚК «Шет аудандық жұмыспен қамту орталығының» директоры	Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 117 үй.
3	Сүлейменов Рүстем Ақтанович	15.06.1980 жыл	«Шет ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ, бөлім басшысының орынбасары	Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 151 үй, 6 пәтер.



ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

6 қараша 2015 жыл

№33/293

Ақсу-Аюлы ауылы

Шет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы XXVII сессиясының «2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» № 27/229 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ ШЕТ АУДАНЫ ӘДІЛЕТ ҚАРМАСЫ

1. Шет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы XXVII сессиясының «2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №27/229 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №2917 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 қаңтардағы «Шет шұғыласы» № 2 (10. 518) газетінде, «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 7 сәуірде жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

- 1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын: «1. 2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет №1,2,3,4,5,6,7 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға келесі көлемдерде бекітілсін: 1) кірістер – 4568401 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер бойынша – 2142973 мың теңге; салықтық емес түсімдер бойынша – 12259 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2802 мың теңге; ресми трансферттерден түсетін түсімдер – 2500367 мың теңге; 2) шығындар – 4826401 мың теңге; 3) таза бюджеттік кредиттеу – 40892 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 59460 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 18568 мың теңге; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге; қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге; мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге; 5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 208892 мың теңге; 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 208892 мың теңге; қарыздар түсімі – 59460 мың теңге; қарыздарды өтеу – 18568 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 168000 мың теңге.; көрсетілген шешімге 1 қосымша осы шешімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын. 2. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А.БАЛҒАБЕК.

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ә.СМАҒҰЛУЛЫ.

Table with 4 columns: Index, Description, Amount, Total. Rows include categories like 'I. Кірістер', 'II. Шығындар', 'III. Трансферттердің түсімдері'.

Table with 4 columns: Index, Description, Amount, Total. Rows include 'Функционалдық топ', 'I. Шығындар', 'II. Шығындар', 'III. Трансферттердің түсімдері'.

Main table with 4 columns: Index, Description, Amount, Total. Rows include 'Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің аппараты', 'Мұқтаж азаматтарға үйіне әлеуметтік көмек көрсету', 'Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі'.

Еске алу

Айтқұлдың бақилық болғанына 1 жыл толуына орай әкесі Сәмбеттің

АРНАУЫ

Жалғыз туып, жалғыз - өстім уандым,
Сен туғанда екеуміз деп қуандым.
Ұлғайғанда тағы қалдым артыңда,
Жан-тәнімді әлсіретті қайғы менен уайым.

Жетпіс бесте алқынғандай арыным,
Ой түрткілеп сағыныштың сарынын.
Тұншығады ішімде бір алау от,
Шығаралмай сыртқа қызу жалынын.

Сағындым-ау, Айтқұлым, сағындым,
Жаратқанның ісі-ау, деп бағындым.
Сен есіме түскен кезде асылым
Сыйардаймын қауызына тарынын.

Сарыуайым сарғайтады, сарылдым,
Бой сергімей құрыстайды тарылдым.
Сағымданып, алдыңғы өмір бұлыңғыр,
Осыншама тағдыр саған не қылдым?

Сендей тірек маған сірә, енді жоқ,
Бөрі арығын білдірмейді, іші тоқ.
Қасқыр алмас, қораға түспес, ііс алмас,
Жүреміңде көк төбеттің бірі боп.

Бұрынғыдай болғанымен сыңайым,
Жылжып қана өте берер күн - айым.
Денің сау ма? Қалың қалай?,- дегендей,
Кездескенде мүсіркейді ағайын.

Қадір етер көзі көрген кісілер,
Айтар сөздің мағынасын түсінер.
Қажығаннан артық сөзім болса егер
Тәңір өзі ғафу етер түсінер!

№0003

**Ішкі істер бөлімі
хабарлайды:****ЖОЛ
ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ
АПТАЛЫҒЫ
ӨТУДЕ**

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 2005 жылғы 25 қазандағы қарарына сәйкес қарашаның үшінші жексенбісі жол-көлік оқиғасы құрбандарын бүкіләлемдік еске алу күні болып табылады.

Осыған байланысты және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында, сонымен қатар ҚР Ішкі істер министрінің ағымдағы жылдың 10 қазанындағы 1-5-6-128/4049-И нұсқауына сәйкес ағымдағы жылдың 9 қарашадан бастап 15 қараша аралығында мүдделі мемлекеттік органдармен, азаматтық қоғам институттарымен, БАҚ өкілдерімен бірлесіп, “Жол жүру қауіпсіздігі апталығы” кең ауқымды республикалық акциясы өткізілуде.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу акциясының мақсаты жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дөңгелек үстелдер, брифингтер, баспасөз конференцияларын, ақпараттық-насихат жұмысын жүргізу болып табылады.

Өз тілшімізден.

**ЖОҒАРҒЫ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА
ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ**

Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының жоғарғы әскери оқу орындарына 2015 оқу жылына Республикамыздың 17-21 жас аралығындағы азаматтар және 23 жастан аспаған әскер жасындағы запасқа шыққан азаматтар, сонымен қатар орта білімі бар, арнаулы мектеп-интернаттарды бітіргендер қабылданады.

Алматы қаласында орналасқан құрлықтағы әскери институты оқу мерзімі 4 жыл, радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты-оқу мерзімі 5 жыл, шетел тілі институты-оқу мерзімі 5 жыл.

Ақтөбе қаласында орналасқан әуе қорғаныс күштері әскери институты-оқу мерзімі 4 жыл. Ақтау қаласындағы әскери теңіз институты-оқу мерзімі 5 жыл.

Бурабай қаласындағы кадет корпусы-оқу мерзімі 1 жыл 10 ай. Алматы қаласындағы «Н.Ә.Назарбаев атындағы білім қорының» құруымен жаңадан ашылған «Арыстан» әскери лицейге 8-

сыныпты үздік бітірген оқушылар қабылданады.

Түркия Республикасы, Стамбул қаласындағы әскери теңіз лицейіне 8-9 сыныпты бітірген оқушылар қабылданады.

Астана қаласындағы С. Нұрмағанбетов атындағы Жас-Ұлан әскери мектебіне 9-сыныпты бітірген оқушылар қабылданады.

Жоғарғы әскери оқу орындарына орта және орта арнаулы оқу орындарын алтын белгімен немесе үздік аттестатпен бітіргендерге жеңілдік жасалынады.

11-сынып бітіретін оқушылар ҰБТ тапсырғанда 5-ші пән физика пәні болуы шарт, шетел тілі институтына 4-ші пән шет тілі болуы керек.

Жоғарғы әскери оқу орындарына қабылданғандар үшін киім-кешек, жатын орын, тегін тамақпен қамтамасыз етіледі және ай сайын стипендия төленеді.

Сондай-ақ, жастарға жоғарғы әскери оқу орнын бітіргендігі туралы дипломмен қатар лейтенант шені

беріледі. Мемлекет қамқорлығында болады және толығымен жұмыспен қамтамасыз етіледі. Жылына екі мәрте каникулярлық демалыс беріліп, жол жүру жолақысы тегін болады.

Ақтау қаласындағы 75488, 25744, 14776, Бейнеу кентіндегі 99116, Луговой бекеті 03811 әскери бөлімдеріне әскери қызметке келісім-шарт бойынша 19-35 жас аралығындағы әскер қатарында болған азаматтарды қабылдайды.

Жоғарғы әскери оқу орындарына және әскери қызметке келісім-шарт бойынша баруға ниет білдіруші азаматтар Шет ауданының Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінен анықтама алуларына болады.

Телефон: 21-9-01.

Ш. САРБАЕВ,
Шет ауданының
Қорғаныс істері
жөніндегі біріктірілген
бөлім бастығы.

Еске алу

Ақадыр кентінің тұрғыны болған немерелерінің сүйікті атасы, ардақты әкеміз **Көксубаев Отарханның** өмірден өткеніне қараша айының 26-ы күні 40 күн толады.

Мейірімді мінезімен, адамгершілігімен өз ортасына сыйлы болған, анамыздың жоқтығын білдірмей оқытып, тәрбиелеп, осы күнге жеткізген әкеміздің жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталды. Асыл әкемізді еске алып, топырағы торқа, жаны жәннатта, болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Өмір деген құбылмалы ертегі,
Сағындық әке, жүрегінді кешегі.
Қиналмасын құлындарым, - дедің бе?
Айтпай кеттің дерттің бәрін іштегі.

Әкетай қолдашы ұрпағыңды,
Жүрегіміз әке деп соғады әлі.
Арман бізге қайтейік, жан өкешім,
Кетпегенің жақсы еді қасымыздан.

Еске алушылар: **Көксубаевтар әулеті.**

Марқұм әкеміздің 40 күндік асы 26-шы қараша күні Ақадыр кентіндегі “Серік” дәмханасында сағат 11.00-ден бастап беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, жора-жолдас, әкемізді танитын барлық жамағатты шақырамыз.

№0001

АС БЕРЕМІЗ

Ақадыр кентінің тұрғыны болған ардақты әке, асыл жар **Сәттібаев Көріғұлдың** фәниден бақиға озғанына 1 жыл толады.

Ардақты әкемізге қараша айының 19-шы жұлдызында Ақадыр кентіндегі “Аэли-та” дәмханасында сағат 13.00-де ас береміз.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, әкеміздің көзін көрген жан-

дарды шақырамыз.

Жұбайы - **Рахила, балалары.**

№0004

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай көшесі 60 “а” үй сатылады. Үй үш бөлмелі, қора жайы бар, орталық көшеде орналасқан. Жер көлемі 0,03 гек. Бағасы 1,5 млн. (Келісуге болады).

Үй телефоны: 22-1-15, ұялы тел: 8-702-417-64-30. №0005

ПРОДАМ

Продам отвал - снегопах “Бабочка” и боковые; погрузчики Куны; грабли валковые и сенокосилки на трактора МТЗ; Т-25; К-700; и на Китайские погрузчики новые.

Телефоны: 8-702-849-11-10; 8-771-358-00-31.

№0006

ХАБАРЛАНДЫРУ

30.01. 2015 жылы қайтыс болған Айшев Канат Төлеуовичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б. Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жезқазған көшесі -17. №0003

05. 09. 2015 жылы қайтыс болған Комаков Кенжеғұлдың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г. Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй. №0002

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Открыто наследственного дела после смерти Дикая Просковьи Романовны, умершей 12.06.2015 г. Заинтересованные лицам могут обратиться к нотариусу Султановой Г. Е. по адресу Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, пр.Абая дом 31. №0003



ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА 16-қарашадан 22-қарашаға дейін

ДҮЙСЕНБІ, 16-қараша	17.55, 18.10 М/ф. 18.35 Жүзден жүйрік. 19.05, 3.50 Татулық мекені. 20.20 Айтуға оңай. 21.05 «Таңдау», т/х. 22.55, 2.20 Түнгі студияда. 23.30 Көңілашар. 1.50 Sport.kz. 2.55 Еңбек түбі – береке. ХАБАР 7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00 Жеті күн.	11.00 Экономкласс. 11.10, 23.50 «Сотқа жеткізбей». 11.45 Магия кухни. 12.20, 12.50 М/ф. 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 0.25, 2.00 Жаңалықтар, новости. 13.15 «Семейные мелодрамы», д/с. 14.05 Подари детям жизнь. 14.10 Т/с «Условия контракта». 15.15 Бармысың, бауырым? 16.00 Орталық хабар. 17.15, 22.20 Т/с «След».	18.15 Біздің үй. 19.00 ТВ-Бинго. 20.30 Арнайы хабар. 21.30 Т/с «Осколки». 23.05 Жекпе-жек. 1.25 «Әр үйдің сыры басқа», т/х. ЕВРАЗИЯ 6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий». 12.00, 23.50 X-Factor.	12.10, 20.40 «Сүйген жар», т/х. 13.05 Әйел сыры. 14.10 Т/с «Сваты-4». 15.20 Первые новости. 15.30 Судебные истории. 16.30 Давай поженемся. 17.40 Пусть говорят. 18.55 Т/с «Переезд». 22.20 «Джодха және Ақбар». 23.25, 2.10 П@утіна. 0.00 Т/с «Колыбель над бездной». 2.35 Т/с «Черные кошки» 3.25 Модный приговор.
СЕЙСЕНБІ, 17-қараша	16.05, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х. 17.05 Sport.kz. 17.55, 18.10 М/ф. 18.35 Жүзден жүйрік. 19.05, 4.40 Қылмыс пен жаза. 22.55, 2.20 Түнгі студияда. 1.50 Дауа. 2.55 Еңбек түбі – береке. 3.50 Серпіліс. ХАБАР 7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн. 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00,	18.00, 20.00, 21.00, 0.20, 1.55 Жаңалықтар, новости. 10.10, 21.30 Т/с «Осколки». 11.10, 23.45 «Сотқа жеткізбей», д/с 11.45 Магия кухни. 12.20, 19.30 «Көршілер», т/х. 13.15 «Семейные мелодрамы», т/с. 14.05 Подари детям жизнь. 14.40 Т/с «Улыбка пересмешника». 15.15 «Жігіт сұлтаны». 16.30 «Өмір сабақтары», д/х. 17.15, 22.30 Т/с «След».	18.15 Тағдыр жолы. 18.40 «Болаша- ғым өз қолымда», т/х. 20.30 Бюро расследований. 23.15 Арнайы хабар. 1.20 Т/х «Әр үйдің сыры басқа». ЕВРАЗИЯ 6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий». 12.00, 23.50 X-Factor. 12.10, 20.40 «Сүйген жар», т/х.	13.10 Ашығын айтқанда. 14.10 Т/с «Сваты-4». 15.20 Первые новости. 15.30 Судебные истории. 16.30 Давай поженемся. 17.40 Пусть говорят. 18.55 Т/с «Переезд». 22.20 «Джодха және Ақбар». 23.25, 2.10 П@утіна. 0.00 Т/с «Колыбель над бездной». 2.35 Т/с «Черные кошки» 3.25 Модный приговор.
СӨРСЕНБІ, 18-қараша	15.00 Әйел бакыты. 16.05, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х. 17.05, 3.50 Келбет. 17.55, 18.10 М/ф. 18.35 Жүзден жүйрік. 19.05, 1.50 «Арылу. Теріс діни ағымға еріп кетпудің жолдары». 22.55, 2.30 Түнгі студияда. 2.10 Агробизнес. ХАБАР 7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн.	10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 0.15, 1.50 Жаңалықтар, новости. 10.10, 21.30 Т/с «Осколки». 11.10, 1.15 «Сотқа жеткізбей», д/ф. 11.45 Магия кухни. 12.20, 19.30 «Көршілер», т/х. 13.15 «Семейные мелодрамы». 14.05 Подари детям жизнь. 14.10 Т/с «Улыбка пересмешника». 15.15 Ойжүйрік. 16.00 «Өмір сабақтары», д/ф. 17.15, 22.30 Т/с «След».	18.15 Сильные духом. 18.40 «Болашағым өз қолымда», т/х. 20.30 «100 бизнес тарихы». 23.15 Көзқарас. 23.45 «Арман канатында». ЕВРАЗИЯ 6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий». 12.00, 23.50 X-Factor.	12.10, 20.40 «Сүйген жар», т/х. 13.10 Ашығын айтқанда. 14.10 Т/с «Сваты-5». 15.20 Первые новости. 15.30 Судебные истории. 16.30 Давай поженемся. 17.45 Пусть говорят. 18.55 Т/с «Переезд». 22.20 «Джодха және Ақбар» 23.25, 2.10 П@утіна. 0.00 Т/с «Кремень. Освобождение». 2.35 Т/с «Черные кошки». 3.25 Модный приговор.
БЕЙСЕНБІ, 19-қараша	15.00 Әйел бакыты. 16.05, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х. 17.05, 4.50 «Сөз саңлағы - Сүйінбай», д/ф. 17.55, 18.10 М/ф. 18.35 Жүзден жүйрік. 19.00, 1.50 «Арылу. Теріс діни ағымғы ерім кетпудің жолдары». 22.55, 2.25 Түнгі студияда. 3.50 Жан жылуы. 4.15 Дауа. ХАБАР 7.02 Бұйымтай.	8.00 Жаңа күн. 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 0.15, 1.50 Жаңалықтар, новости. 10.10, 21.30 Т/с «Осколки». 11.10, 1.15 Сотқа жеткізбей. 11.45 Магия кухни. 12.15, 14.05 Подари детям жизнь. 12.20 М/ф. 12.30, 19.25 «Көршілер». 13.15 «Семейные мелодрамы», д/с. 14.10 Т/с «Улыбка пересмешника». 15.15 Аймақтар аламань. 16.30 «Өмір сабақтары», д/ф	17.10, 22.30 Т/с «След». 18.15 Тур де Хабар. 18.40 «Болашағым өз қолымда», т/х. 20.30 «На бескрайних просторах времени», д/ф. 23.15 Көзқарас. 23.45 «100 бизнес тарихы». ЕВРАЗИЯ 6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий». 12.00, 23.50 X-Factor.	12.10, 20.40 «Сүйген жар», т/х. 13.10 Ашығын айтқанда. 14.10 Т/с «Сваты-5». 15.20 Первые новости. 15.30 Судебные истории. 16.30 Давай поженемся. 17.45 Пусть говорят. 18.55 Т/с «Переезд». 22.20 «Джодха және Ақбар» 23.25, 2.10 П@утіна. 0.00 Т/с «Кремень. Освобождение». 2.35 «Ментовские войны-7». 3.25 Модный приговор.
ЖҰМА, 20-қараша	15.00 Әйел бакыты. 16.05, 0.55 «Жүрегім сізге аманат», т/х. 17.05 Жан жылуы. 17.55, 4.15 «Сөз саңлағы – Сүйінбай». 18.35, 1.50 Иман айнасы. 18.55 Менің Қазақстаным. 20.00, 0.40, 3.30 Парламент. 20.15, 2.15 «Серпіліс». 21.05 Намыс дода. 23.15, 3.45 Сіз не дейсіз? 23.45 Жайдарман. 4.55 Ғасырлар үні.	ХАБАР 7.02 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн. 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 1.30, 2.35 Жаңалықтар, новости. 10.10 Т/с «Осколки». 11.10, 2.30 Сотқа жеткізбей. 11.45 Магия кухни. 12.20, 19.30 «Көршілер», т/х. 13.15 «Семейные мелодрамы». 14.05 Подари детям жизнь. 14.10 Т/с «Улыбка пересмешника». 15.15 «Махаббатқа 10 кадам».	16.10 Қызықtimes. 17.15 Сол бір кеш... 18.15 «Арман канатында». 18.40 «Болашағым өз қолымда», т/х. 20.30 Тағдыр жолы. 21.30 Жанды дауыс. 23.40 X/ф «Убойный футбол». ЕВРАЗИЯ 6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро 11.00 Т/с «Пятницкий». 12.05, 20.40 «Сүйген жар», т/х.	13.00, 3.20 Ашығын айтқанда. 14.00 Жұма уағьызы. 14.15 Угадай мелодию. 15.20 Первые новости. 15.30 X/ф «Путешествия Гулливера». 17.25 Жди меня. 18.40 Премьера лотореи «Автокуш». 18.50 Поле чудес. 22.20 «Джодха және Ақбар» 23.20 Точь-в-точь. 3.00 П@утіна. 4.05 Модный приговор.
СЕНБІ, 21-қараша	14.00 Футбол. «Астана» - «Қайрат». 17.50 «Гэкку дауысы». 19.30, 0.30, 3.00 KazNews. 20.05 Үздік әндер. 21.00 Сенбілік кездесу. 22.35 Жайдарман. 1.05 «Жаңа коньсы», т/х. ХАБАР 7.02 Күлкі әлемі. 8.30 Бармысың, бауырым. 9.10 Продвопрос.	9.40 «Военная школа «Жас ұлан». 10.10 «Мен – чемпион». 10.40 М/ф. 12.00 X/ф «Русалочка». 13.10 Орталық хабар 14.10 Жанды дауыс. 16.20 Тур де Хабар. 16.50 X/ф «Артур и война двух миров». 18.40 Ду-думан. 19.50 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн.	22.00 X/ф «Прощай, детка, прощай». 0.10 «Жаным», т/х. 2.20 «Махаббат дастаны», сп. ЕВРАЗИЯ 6.00, 3.20 X/ф «Ментовские войны-7». 7.50 Таңғы пошта. 8.25 П@утіна. 8.50, 23.30 Новости, жаңалықтар. 9.00 Смак.	9.40 X/ф «Вечная сказка». 11.45 Фабрика грез. 12.10 Әйел сыры. 13.20, 2.55 «101 кеңес». 13.45, 2.25 Караоке-такси. 14.25 П@утіна+. 15.25 X/ф «Любимые женщины Казановы». 20.00 Первая программа. 20.30, 23.30 X-Factor. 22.00 Кешкі кездесу. 0.00 X/ф «Метод».
ЖЕКСЕНБІ, 22-қараша	14.55 Намыс дода. 16.05 «Зұлым мен жесір», к/ф. 17.50 «Гэкку дауысы». 19.30 Әзіл әлемі. 20.00, 1.05 Апта.kz. 21.00 Қазақстан дауысы. 22.45 «Шокан Уәлиханов», к/ф. 0.25 Көкпар. ХАБАР 7.02 Күлкі әлемі.	8.20 Әсем әуен. 8.30 Айбын. 9.00 Жеті күн. 10.00 Ас арқау. 10.20 «Я – чемпион». 10.50 М/ф. 12.20 X/ф «Стоптаные тувельки». 13.30 Бенефис-шоу. 14.5 К. Нұртастың ән кеші. 16.45 «Жігіттер» тобы. «Құстармен сырласу». 16.45 X/ф «Мистическая пятёрка».	18.30 «Қызықtimes». 19.45 Ду-думан. 21.00 Жеті күн. 22.00 X/ф «Правило виноделов». 0.45 «Жаным», т/х. 2.45 «Махаббат дастаны» сп. ЕВРАЗИЯ 6.00, 3.40 «Ментовские войны -7», т/с. 8.30 Жаңалықтар, новости. 8.45 Воскресные беседы.	9.00 Здоровье. 10.10 Казлото. 10.50 «Н.Мордюкова. Душа нараспашку». 12.00, 23.05 Ән дария. 13.05 Кешкі кездесу. 14.35 X-Factor. 16.30 X/ф «И Шарик вернется». 21.00 Аналитика. 22.00, 2.50 П@утіна+. 0.10 КВН-2015.

Құттықтаймыз!



Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның оқу ісі жөніндегі орынбасары **Рахимбаева Секер Мұхтарқызы** Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтын үздік аяқтап, 1981 жылы математика пәнінен мұғалім болып жұмыс жолын бастайды. Қазіргі таңға дейін адал қызмет етіп жүрген мектебіміздегі ұлағатты, парасатты ұстаздың бірі. Біртоға, салмақты да, байсалды, пейілі кең, жайсан мінезді, бір ізбен жүретін, қолынан келген көмегін аямайтын, әрі дос, әрі әріптес болып жүрген мінезі көпке үлгі-өнеге. Отбасында ардақты ана, байсалды ене болып отырған жайы бар. Білекті ұл - Бөкен мен өрімді қыз - Динаны өсіріп, инабатты келін - Әсемді тәрбиелеп, немерелеріне сүйікті әже болуда.

Алдынан талай шәкірттер мен жас мамандарға ақыл кенесін беріп, аянбай тер төгіп, мектептің алға өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген адал жан. Қазіргі таңда оқытып, білім берген шәкірттері қызметтің тізгінін ұстап, әр салада еңбек етіп жүр. Ұстаз еңбегі бағаланып, ҚР білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатына ие болды. Сонымен қатар, облыстық білім департаментінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Соңғы 4-5 жылдықта ҰБТ қорытындысы бойынша өзі дайындаған 11-сынып түлектері жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, жүлделі I орынға иеленуде.

Секер Мұхтарқызының бүгінгі қуанышты сәті - зейнеткерлік жасқа жеткен туған күні құтты болсын! Білім қызметкерлері қашанда халық баласының болашағын ойлап, барынша сапалы, жоғары деңгейдегі білім беруді мақсат ететіні анық. Бұл салада Рахимбаева Секер Мұхтарқызы өз білімділігімен, тәжірибелілігімен, адал еңбегімен ерекшеленіп келеді. Әрқашанда деніңіз сау, көңіліңіз жайдары, отбасыңыз берекелі болсын! Біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесіңізді аянбай қосып келесіз. Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, жемісті еңбек пен сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын. Зейнеткерлік жасқа толған мерейлі тойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, жүрек жарды жылы лебіздерімізді жолдаймыз!

Өмір Сізге жылы сөзін арнасын,
Қайғы-мұңға жүрекке орын болмасын.
Құтты болсын келген туған күніңіз,
Тілекші көп, бізде соның біріміз.

Үзілмесін өміріңнің жыр-әні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңнің тек зейнетін көре бер,
Келер күннің сәулелі боп шуағы.

Игі тілекпен, **Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының педагогикалық ұжымы.**

№0001

Құттықтаймыз!



Құрметті **Елдос Жарылғанұлы!**

Сізді ат жалын тартып қамал бұзатын 40 жасқа келген туған күніңізбен құттықтаймыз.

Сіз талап пен жігер жетелеген өмір өрісінде өзгелерден озып дараландыңыз.

Игі істеріңіздің қашанда оңға басына, әр қадамыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз.

Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, отбасыңыз берекелі, әр күніңіз мерекелі болсын!

Ақ ниетпен: **аудандық ішкі саясат бөлімі.**

№0005



ТӨРТ КҮЛ ДҮНИЕ ТӨРІНДЕ ӨРКЕНДЕСІН!

Қаһарынан қағылып тайса
аспаным,
Үрейінен үгіліп сай тастарым.
Торқалы той төрінде
тамсандырып,
Көк түрікті жырламау қай
сасқаным.

Қорған қылып Төңірдің тас
тақтасын,
Ұзақ болсын ғұмырын,
қас-қақпасын.
Алты алаштың айбынды
асқақ аты,
Алты құрлық алдында
асқақтасын.

Жер бастырмай тік ұстап өр
кеудесін,
Бүгінгі ұрпақ ел десін, өлкем
десін!
Төрт құбылам тең болып,
Қазақстан,
Төрт күл дүние төрінде
өркендесін!

Шапқан талай ат дүбірлі
тағасы,
Найза жүзді, қылыш қынап
аласы.
«Қара дала», қызыл қанмен
сақталған,
Бұл Алтай мен Атыраудың
арасы.

Жас жанарға қалмас ешкім
бұлай қап,
Өр қазаққа қашаннан да
Құдай жақ.
Жат тізгіні жүргізе алмас
өмірің,
Жәнібек пен Керей құрған
бұл аймақ.

550 жылдық тойлап
хандығым,
Жебе жырым нысанасын
жарды мын.
Бар қазақтың азаттығы
басында,
Алты Алаштың арты-көктем,
алды-күн.

Өтті күндер мешіт құшып
шіркеусіз,
Азаттығым қалдыра алмас
өртеу, сыз.
Бұл қазақтың баға жетпес
байлығы,
Бұл қазақтың қазынасы
өлшеусіз.

ӘЛИ ӘБДІҒАЛЫҚ,
Астанадағы Қазақ
технология
және бизнес универси-
тетінің студенті.
Киікті ауылы.



Құттықтаймыз!



Құрметті **Дәуіт Жарылғасынұлы!**
Сізді 22-ші қараша күні 60 жасқа толатын мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз денсаулық сақтау саласында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен білікті басшы болып жемісті еңбек етіп келесіз. Осынау игілікті істе қажыр-қайратыңыз қашанда арта берсін.

Адам өмір жолының асқар биігі алпыстың шыңына шығып отырған сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен бақытты ғұмыр тілейміз.

Мерейтойыңыз құтты болсын!

Ізгілікті нұрын шашар манайға,
Адамсыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды әріптестер қашанда.

Үлгі болған үлкенге де жасқа да,
Сыйлар сізді туған-туыс басқа да.
Бақытты боп бұл өмірде мәңгілік,
Қуатыңыз таусылмасын 100 жаста да.

Игі тілекпен, **КМК Шет аудандық орталық аурухана ұжымы.**

№0003

Құттықтаймыз!

Қарабұлақ ауылының тумасы,
Бұрма ауылының тұрғыны, ардақты
әке, сүйікті ата, асыл жар **Қайырбер-
ліұлы Рыскенді** қараша айының 11-і
күні 60 жасқа толған туған күнімен
құттықтаймыз.

Ағайын-туыстың құрметіне, немерелерінің шу күлкісіне, ұл-қыздарының қызығына бөлене беріңіз.

Асқар таудай әкем - бақытымсын,
бағымсын,
Өмірдегі, төрімдегі тағымсын.
Құтты болсын 60 жасың, жан әке,
Сағынышым, қуанышым
асқар шын.

Тілейміз біз таусылмайтын төзімді,
Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді.
Денсаулығың мықты болсын жан әке,
Құттықтайды ұл-қыздарың өзінді.

Өмір өзен жақсылығын жалғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын.
Жанұямен мақтанамыз қашанда,
Арамызда сіздей әке болғасын.

Игі тілекпен, құттықтаушылар: жұбайы - **Әсемкүл, балалары, немерелері.**

№0001

Құттықтаймыз!



Құрметті **Елдос Жарылғанұлы!**
Сізді 40 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Сіз ауданымыздың білім саласында, ауыл, кент әкімі қызметтерін абыроймен атқарып, кейінгі жылдары ауданның ішкі саясат бөлімін басқарып, ауданымыздың айнасы "Шет шұғыласы" газетімен тығыз байланыс орнатып, жемісті еңбек етіп келесіз. Осы абыройлы еңбегіңіздің арқасында қай салада болмасын құрметке бөленіп жүрген азаматтардың бірісіз.

Сізді аудан жұртшылығы ақындық өнері бар азамат ретінде де жақсы біледі. Оған баспасөз беттерінде әр жылдары жарияланған өлеңдеріңіз дәлел.

Еңбек жолын енді бастап келе жатқан жастар осындай еңбектеріңізді ерекше бағалап, үлгі тұтатынына кәміл сенеміз.

Осынау мерейтойыңыз күні Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қуанышқа толы шуақты күндер, отбасыңызға баянды бақыт, бақ-дәулет тілейміз.

Игі тілекпен, **аудандық «Шет шұғыласы» газетінің редакциясы.**

№0008